ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

23.09.2014 ж.
АЭжБУ Ғылыми кеңесі мәжілісінің
№ 1 ХАТТАМАСЫ

Төраға – ректор Даукеев Г.Ж.
Ғылыми хатшы – доцент Манапова Г.Д.

ҚАТЫСҚАНДАР: Ғылыми кеңестің 48 мүшесінен 46 мүше (болу парағы қоса беріледі).

КҮН ТӘРТІБІ:

1.	2013/2014 оқу жылындағы АЭжБУ қызметінің қорытындылары және 2014/2015 оқу жылындағы университет ұжымының міндеттері Баяндамашы – ректор Даукеев Г.Ж.
2.	2013/2014 оқу жылының жазғы сынақ сессиясы мен жазғы қосымша семестр қорытындылары және бакалавриат бойынша МАК-ның жұмысы туралы есеп беру Баяндамашы – ОӘБ бастығы Мустафин М.А.
3.	2014 жылы 1-курсқа студенттерді, магистранттарды және докоранттарды қабылдаудың қорытындылары Баяндамашы - қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Яхъяев Э.А.
4.	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылға Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен АЭжБУ-де өтетін іс-шаралар Жоспарының орындалу барысы туралы Баяндамашы - ТжӘЖ жөніндегі проректор Абдрахманов Е.А.
5.	«Антиплагиат» жүйесін қолдана отырып 2014 жылғы бітірушілердің дипломдық және магистрлік жұмыстарын тексеру қорытындылары Баяндамашы - АТҚЕО бастығы Назиров К.Т.
6.	Түрлі мәселелер

1. ТЫҢДАЛДЫ: «2013/2014 оқу жылындағы АЭжБУ қызметінің қорытындылары және 2014/2015 оқу жылындағы университет ұжымының міндеттері» мәселесі бойынша ректор Даукеев Г.Ж. (баяндама қоса берілді).

Ғылыми кеңес АЭжБУ ректоры Ғ.Ж. Даукеевтің есептік баяндамасын тыңдап және талқылап, өткен оқу жылы сәтті болғанын атады. Университет 2019 жылға дейін әрекет ететін халықаралық институционалды аккредитациядан «үздік» дәрежеде өтті. Сондай-ақ, АЭжБУ 2014 жылдың

мамырында Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мен білім саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау бойынша қатал министрлік тексеруден сәтті өтті.

Университет Қазақстан Республикасы ЖОО ұлттық рейтингісінде «Жылу энергетикасы» және «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандықтары бойынша 1-орынға, ал «Электроника», «Автоматтандыру және басқару», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша 2-орынға ие болды.

Өткен оқу жылында университет оқытушылары 336 әдістемелік көрсеткіштер мен дәріс конспектілерін, 36 оқу құралдарын дайындады және шығарды, 2014 жылы 8 ай ішінде 12 патент (2013 ж. – 5) алды, 20 патентке өтінім берілген болатын (2013 ж. – 8), 387 ғылыми мақала, соның ішінде 135 – шетел басылымдарында, оның 9 – нөлдікемес импакт-факторлы басылымдарында жарияланды (2013 ж. сәйкесті 301-92-6).

Оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттердің кітапханалық қоры 15.09.2014 ж. 836 266 б.б., соның ішінде мемлекеттік тілде 192 145 б.б. құрайды. Бір студентке есептегенде 188 дана, соның ішінде мемлекеттік тілде оқитындарға 93 дана тиесілі. Электронды ресурстардың жалпы саны 5426 құрайды, оның 1886 дәстүрлі кітапханада; университеттің электронды кітапханасында 3540. Кітапхана 4,8 млн. теңге сомасына, ал мерзімді баспасөз 9,3 млн. теңге сомасына 18 414 дана әдебиет сатып алды.

Кітапханада 430 орынды 11 дифференциалды (оның 5 электронды) оқу залы бар. Кітапханада 81 ДК бар, оның 64 ДК оқырмандарға арналған.

Жаңа оқу жылында ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтайтын тестілеуден өткен 1-курс студенттері қатарынан «Автоматтандыру және басқару», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандықтары бойынша бірқатар пәндер ағылшын тілінде оқытылатын 12-13 адамнан 3 топ және «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша 2 топ (2013 ж. Электр энергетикасы және РЭТ мамандықтары бойынша 2 топ болған) ұйымдастырылды.

Алдағы оқу жылында университет ұжымы келесілерді орындау қажет:

- бітіртуші кафедра меңгерушілері ғылым, өндіріс және білім интеграциясына бағытталған шарттар мен келісімдер жасау, салалық ҒЗИ және кәсіпорындарымен, әлемдік деңгейдегі компаниялармен ғылыми-оқу зертханалары сәйкес келетін бітіртуші кафедралар филиалын құру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;
- ғылыми-зерттеу секторы: «Төменгі вольтты жабдықтарды сынау және электрмагнитті сәйкестілік» (жетекшісі Жумагазин Б.А.), «Электрлік өлшеу бойынша байқау» (жетекшісі Жумагазин Б.А.) және «Су мен ауаның экологиялық мониторингі» (жетекшісі Санатова Т.С.) үш зертханасын сертификациялау процесін жеделдетсін, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға энергоаудитті жүргізу құқына лицензия алсын;
- университеттің барлық басшылары университет сайтындағы ақпараттардың мазмұнына ерекше назар аударсын, барлық

бөлімшелердің web-беттерінің тұрақты толықтырылып, өңделуін, барлық ақпараттардың үш: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аударылуын қамтамасыз етсін.

Ғылыми кеңес жоғарыда айтылғандар негізінде **қаулы етеді**:

1. Қаржыландыру көлемін көрсете отырып, төмендегілерді әзірлесін және бекітуге ұсынсын:

1.1. 2015 ж. университет кафедраларының оқу-зертханалық базасын жаңарту жоспары

Жауаптылар:ОӘБ бастығы, кафедра меңгерушілері.
Мерзімі: 2015 ж. 30 қаңтары

1.2. 2015 ж. күрделі құрылыс және оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспары

Жауапты: ПШҚ бастығы, студенттік жатақхана меңгерушілері, оқу ғимараттарының комендanттары
Мерзімі: 2015 ж. 30 қаңтары

1.3. 2015 ж. оқу және ғылыми әдебиеттерді сатып алу, оқулықтарды, оқу құралдарын, дәріс конспектілерін, әдістемелік көрсеткіштерді әзірлеу, шығару және көбейту жоспары

Жауаптылар: ОӘБ бастығы, кафедра меңгерушілері, кітапхана директоры
Мерзімі: 2014 ж. 31 желтоқсаны

2. Осы қаулының орындалуын бақылау тиістілігі бойынша проректорларға жүктелсін.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: «2013/2014 оқу жылының жазғы сынақ сессиясы мен жазғы қосымша семестр қорытындылары және бакалавриат бойынша МАК-ның жұмысы туралы есеп беру» мәселесі бойынша ОӘБ бастығы Мустафин М.А. (баяндама қоса берілді).

Даукеев В.А.: бір студент қандай себеппен бітіру жұмысын қорғай алмады?

Мустафин М.А.: есепте көрсетілгендей, қорғауда қанағаттанарлықсыз баға алып қалған.

Муханов Б.К.: тақырыбының аты жұмысының мазмұнымен келіспейді.

ОӘБ бастығы Мустафин М.А. хабарламасын тыңдап және талқылап, **Ғылыми кеңес** жазғы емтихан сессиясын міндетті 1, 2 және 3 курстардың 3057 студенттерінің 2691-і оқу жоспарының барлық пәндері бойынша емтиханды тапсырғанын, қосымша жазғы семестрді есептемегенде, орта

үлгерімі айтарлықтай жоғарылағанын және 88% (былтырғы жылы 76,7%) құрағанын **атайды.**

Осыған байланысты жазғы семестрге қатысқан студенттердің саны 399 адамға төмендеді, оның 356 емтихан тапсырды, яғни 89%. Студенттер мен жазғы семестр пәндерінің көптігін деканаттар мен ОӘБ тараптары қосымша бақылау шараларын оқу үдерісінде ұйымдастыруды талап етеді.

2014 жылы бакалавриаттың 10 мамандығының 1145 студенттері, оның ішінде СОжМҚДФ – 214 студенті дипломдық жобаларын қорғады. Университет бойынша орта балл - 4,6 құрады. 102 бітіруші үздік диплом алды.

Ғылыми кеңестің **қаулы етеді**:

1. ОӘБ бастығы Мустафин М.А. хабарламасы мәліметке алынсын.

2. Қосымша білім беру факультетінің деканаты, ОӘБ, ЭЭФ, РЭжБФ, ЖЭФ және АжАТФ деканаттары қосымша жазғы семестрде оқу үдерісін бақылау іс шараларын күшейтсін.

Жауаптылар – ҚБФ деканы, факультет декандары, ОӘБ бастығы.
Мерзімі: 01.06.2015 ж. бастап.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау ОӘЖ проректоры Коньшин С.В. жүктелсін.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: «2014 жылы 1-курсќа студенттерді, магистранттарды және докоранттарды ќабылдаудың ќорытындылары» мәселесі бойынша қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Яхъяев Э.А. (баяндама қоса берілді).

Абдрахманов Е.А.: былтырғы жылмен салыстырғанда қабылдау бойынша көбею бар ма?

Даукеев Г.Ж.: иә, аздап көбейді, бірақ жоспар бойынша 250 адамға аз. Біз бюджетті студенттерді қабылдаудың жоспарын ескере отырып жоспарлаймыз. Егер шындығында қабылдау жоспарланғаннан төмен болса, онда кіріс жоспарланған шығынға қарағанда аз. Сондықтан, шығынды азайтуға тура келеді, мысалы, жабдықтар сатып алуда.

Коньшин С.В.: көптеген студенттер ағылшын тобынан орыс тобына ауыстыру туралы өтініш жазған. Маған бұндай бағыт ұнамайды.

Медеуов У.И.: менің ойымша, бір ғана жол бар – ағылшын тілінде оқыту туралы ақпарат жазылған буклеттерді алдын-ала тарату.

Даукеев Г.Ж.: бұл ұсынысты талқылау керек және кәсіптік бағдар жұмыстарын жақсырақ жүргізу керек.

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Яхъяев Э.А. хабарламасын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес келесіні атайды:

2014 жылы қабылдау кампаниясы ҰБТ өткізудің нормативтік, технологиялық және ұйымдастырушылық қамтуы бойынша үлкен жұмыс атқарды. Университет қабылдау кампаниясын нормативтік құжаттарға сәйкес өткізді.

Студенттер қатарына 1027, соның ішінде күндізгі бөлімге – 952, сырттай бөлімге – 75 талапкер қабылданды.

Ал мемлекеттік білім гранты бойынша күндізгі бөлімге 643 адам, оның ішінде: 4 жылдық оқудың қазақ бөліміне 301 адам, орыс бөліміне 285 адам, ал қысқартылған оқу түріне 57 адам, оның ішінде қазақ бөліміне 22 адам, орыс бөліміне 35 адам қабылданды.

Күндізгі толық ақылы оқу түріне 309 талапкер, оның ішінде 4 жылдық оқуға - 296 адам, ал қысқартылған оқу түріне – 13 адам қабылданды. Қазақ бөліміне – 154 адам, соның ішінде 1 адам қысқартылған оқу түріне, ал орыс бөліміне – 155 адам, соның ішінде 12 адам қысқартылған оқу түріне тіркелді.

Сырттай оқуға 75 адам, оның ішінде 53 адам ортадан кейінгі білім базасында жеделдетілген оқу түріне, ал 22 адам жоғары білім базасында жеделдетілген оқу түріне қабылданды.

Күндізгі оқу түрі магистранттарының қатарына 87 адам, оның ішінде: мемлекеттік тапсырыс бойынша – 25, шарт негізінде – 62 адам қабылданды.

Докторантураға бөлінген 5 орынға 5 магистр, оның ішінде «Жылу энергетикасы» мамандығы бойынша – 4, «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша -1 магистр қабылданды.

Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1. 2014 ж. қабылдау комиссиясының жұмысы ***қанағаттанарлық*** деп танылсын.

2. Бітіртуші кафедралар толық ақылы студенттер мен магистранттарды жинау бойынша кәсіптік бағдар жұмысын күшейтсін.

Мерзімі: оқу жылы барысында.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау ОӘЖ проректоры Коньшин С.В. жүктелсін.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: «Ќазаќстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылға Ќазаќстан халќына Жолдауында ќойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен АЭжБУ-де өтетін іс-шаралар Жоспарының орындалу барысы туралы» мәселе бойынша ТжӘЖ жөніндегі проректор Абдрахманов Е.А. (баяндама қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ақпарат мәліметке алынсын.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ: «Антиплагиат» жүйесін қолдана отырып 2014 жылғы бітірушілердің дипломдық және магистрлік жұмыстарын тексеру қорытындылары» мәселесі бойынша АТҚЕО бастығы Назиров К.Т. (баяндама қоса берілді).

Соколов С.Е.: «Антиплагиат» программасымен оқытушылардың жазған ғылыми мақалаларын тексеруге болады ма?

Назиров К.Т.: болады, себебі «Антиплагиат» программасы интернет бойынша ғылыми мақлалардың да түпнұсқаларын тексереді.

Чежимбаева К.С.: ал, диплом (магистер) жұмыстарының тақырыптары диплом жұмыстарының мазмұнымен сәйкес келетіндігін тексереді ме?

Назиров К.Т.: АТҚЕО деканатта және кафедрада бекітілген диплом (магистер) жұмыстарының тақырыптарының плагиатқа тексеруге ұсынылған диплом (магистер) жұмыстарының тақырыптарымен сәйкестігін тексереді. Студенттің диплом (магистер) жұмысының мазмұнының сапасын жетекшімен қатар диплом (магистер) жұмыстарының мәселелерін немесе тарауларын атқарушы басқа да оқытушылар тұрақты тексеріп отыруы тиіс.

Стояк В.В.: АТҚЕО 2014-2015 оқу жылына қандай жұмыстарды жоспарлауда?

Назиров К.Т.: АТҚЕО 2013-2014 оқу жылындағы диплом (магистер) жұмыстарының қазақ және орыс тілдеріндегі мәліметтер базасын сақтады. Ақпаратты АЭжБУ сыртқы сайтында көруге болады. 2014-2015 оқу жылында плагиатқа тексеру бойынша жұмыстарда кеңінен қолданылатын болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ақпарат мәліметке алынсын.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

6. ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР.

6.1. ТЫҢДАЛДЫ: «2014-2015 оқу жылына арналған АЭжБУ тәрбие жұмысының жоспарын бекіту туралы» мәселе бойынша ТЖБ бастығы Абдуллина З.А. (жоспар қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2014-2015 оқу жылына арналған АЭжБУ тәрбие жұмысының жоспары бекітілсін.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

6.2. ТЫҢДАЛДЫ: «авторы – т.ғ.к., профессор Хожин Г.Х.; көлемі – 28-30 б.б. болатын «Электр станциялары және подстанциялары» пәні бойынша 5В071800 – «Электр энергетикасы» мамандығына арналған мемлекеттік тілдегі оқулығын басылымға ұсыну туралы» мәселе бойынша ЭСТЖ кафедрасының меңгерушісі Соколов С.Е. (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: авторы – т.ғ.к., профессор Хожин Г.Х.; көлемі – 28-30 б.б. болатын «Электр станциялары және подстанциялары» пәні бойынша 5В071800 – «Электр энергетикасы» мамандығына арналған мемлекеттік тілдегі оқулығы басылымға ұсынылсын.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

6.3. ТЫҢДАЛДЫ:

- «авторлары – Казиева Г.С., Богомолова Л.Г.; көлемі – 5,4 б.б. болатын 5В071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығының студенттеріне арналған «Цифровые методы обработки сигналов в телекоммуникации»,
- авторлары – Коньшин С.В., Меркулов А.Г.; көлемі – 3,1 б.б. болатын 5В071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығының студенттеріне арналған «Принципы, алгоритмы и характеристики работы техник компрессии заголовок IP - пакетов»

оқу құралдарын басылымға ұсыну туралы» мәселе бойынша ТКЖ кафедрасының меңгерушісі Байкенов А.С. (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- «авторлары – Казиева Г.С., Богомолова Л.Г.; көлемі – 5,4 б.б. болатын 5В071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығының студенттеріне арналған «Цифровые методы обработки сигналов в телекоммуникации»,
- авторлары – Коньшин С.В., Меркулов А.Г.; көлемі – 3,1 б.б. болатын 5В071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығының студенттеріне арналған «Принципы, алгоритмы и характеристики работы техник компрессии заголовок IP - пакетов»

оқу құралдары басылымға ұсынылсын.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

6.4. ТЫҢДАЛДЫ: «Республикалық «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде Германияда (Берлин, қаңтар, ақпан 2015ж.) өтетін «Қолданбалы электроника және жоғары технологиялар саласындағы электр техникасы» университеттер мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының педагогикалық және ғылыми құрамының сынақ ісін өту бойынша конкурсына қатысуға «Электроника» кафедрасының оқытушыларын т.ғ.к., доцент Ауэзова А.М., т.ғ.к., аға оқытушы Наменгенова Ж.М., аға оқытушы Амантаев К.У. ұсыну туралы» мәселе бойынша «Электроника» кафедрасының меңгерушісі Копесбаева А.А. (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Республикалық «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде Германияда (Берлин, қаңтар, ақпан 2015ж.) өтетін «Қолданбалы электроника

және жоғары технологиялар саласындағы электр техникасы» университеттер мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының педагогикалық және ғылыми құрамының сынақ ісін өту бойынша конкурсына қатысуға «Электроника» кафедрасының оқытушыларын т.ғ.к., доцент Ауэзова А.М., т.ғ.к., аға оқытушы Наменгенова Ж.М., аға оқытушы Амантаев К.У. ұсынылсын.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

Төраға **Г.Ж. Даукеев**

Ғылыми хатшы **Г.Д. Манапова**